

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2139 тіркелген "Диссертациялық кеңес туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 10 қаңтардағы N 14 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 4 желтоқсандағы N 796 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 13 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2617. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.03.31 № 126 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Диссертациялық кеңестер жұмысының тиімділігін арттыру және реттеу мақсатында **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. "Диссертациялық кеңес туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 10 қаңтардағы N 14 бұйрығына (Әділет министрлігінде N 2139 тіркелген, "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетені" журналында жарияланған, 2003 жыл, N 15) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы ереженің 10-тармағының екінші абзацындағы "немесе төрт кандидаттық диссертация" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Жоғары аттестаттау комитеті (А.Қ.Құсайынов):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын;

2) жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестаттау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық құжаттарды осы бұйрыққа сәйкестендірсін.

3. Осы бұйрық 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Министр

